

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1407 Қаулысы
«2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес әлеуметтік тұрақтылыққа қатер төндіретін жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне Алматы қаласының әкіміне аудару үшін 2011 - 2012 жылдардағы жылыту маусымына отын сатып алуға 2011 жылға арналған республикалық бюджетте шұғыл шығындарға - көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ағымдағы нысаналы трансферттер түрінде 4400000000 (төрт миллиард төрт жүз миллион) теңге сомасында а қ ш а л а й қ а р а ж а т б ө л і н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*